

Р. БАБИРОВ,
Оралхан Бөкей атындағы кітапхана қызметкері,
тарихшы маман

МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТАРИХ САБАҒЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

Мақала қазіргі таңдағы маңызды тақырып – заманауи технологияны мектептегі білім беру жүйесіндегі тарих сабағында пайдалануға арналған. Автор қазіргі қоғамда сандық технологияның дамуы, оны тарих сабағында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, игі ықпалын тигізетініне назар аударады. Мақала тарих сабағында білім беру құралы ретінде қолдануға болатын Google Карта, QR-код, Мультстудия және т. б. қазіргі заманауи технологияларды зерттейді. Автор әрбір технологияның артықшылығын қарастырып, оны қалай оқу процесіне кіріктіруге болатынына мән береді.

Кілт сөздер: заманауи технология, тарих сабағы, мектептегі білім беру, визуализациялау, интерактивтілік, мультимедиялық ресурстар, компьютерлік бағдарламалар, педагогикалық инновациялар, интернет-ресурстар, ақпараттық технологиялар.

Тарих сабағы – мектептегі ең қызықты және танымдық пәндердің бірі. Бұл пән бізге өткенімізге қайта оралып, өзіміз өмір сүріп отырған қазіргі әлемнің қалыптасуына ерекше ықпал еткен көптеген фактілер мен оқиғаларды, тұлғаларды танып, білуімізге жол ашады. Мектепте тарихты оқытуды дамыту білім беру жүйесінің маңызды міндетінің бірі. Бұл оқушыларға тарихи процестерді түсініп, түйсінуге, тарихи ақпараттарға талдау жасауға, сыни ойлау қабілетін дамытуға және деректерді талдауға мүмкіндік береді. Десе де бұл салада оқушылар мен мұғалімдердің алдынан шығатын мәселелер мен кедергілер де жоқ емес.

1. Шектеулі уақыт: Тарих сабағының ұзақтығы 35 - 40 минут қана. Шектеулі уақыттың ішінде көлемді тақырыпты меңгеру мүмкін бе? Сондықтан да мектеп бағдарламасында қарастырылған дәуір немесе мерзім туралы оқушылар толық түсінік алуы үшін фактілер мен оқиғаларды дұрыс таңдай білу қажет.

2. Қызықсыз әдіс-тәсіл: Егер оқушы тарих пәнін тек фактілер мен жылдардың жиынтығы ретінде көретін болса, бұл өте қызықсыз әрі мұңды көрінуі мүмкін. Дегенмен, тарих дегеніміз – бұл адамдар, олардың өмірі мен күресі, жаңалықтары, қайғысы мен жеңістері ғой.

3. Түсінуге байланысты мәселелер: Қазіргі оқушыларға тарихқа байланысты нақты оқиғаны немесе жалпы түсінікті ұғыну қиын. Олар тіпті неге бұл оқиға маңызды екенін немесе оның олардың өміріне қандай қатысы барынтүсіне алмауы мүмкін.

4. Объективтілік және көптеген көзқарастың болуы: Тарих – бұл түрлі дерек көздері бар және бір оқиғаны әртүрлі тарихшы ғалым әртүрлі

тәпсірлейтін күрделі әрі санқырлы алаң. Мұның өзі оқушыны адастырып, көңілінде күмән тудыруы әбден мүмкін.

Дегенмен мектепте тарих пәнін оқытуда туындаған жағдайды жақсартудың перспективалары да бар. Оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттырудың бір жолы – сабақта заманауи технологияны қолдану. ХХІ ғасырда ақпараттық технология адам өмірінің барлық саласына енді. Заманауи технологияның арқасында адамдар ақпаратты жылдам алып, бірімен бірі үнемі байланыста болады, өзінің білімін жетілдіріп, кәсіби тұрғыда дамиды. Технология жетістіктерін тарих сабағында қолдану оқушыларға оқу материалын жақсы түсінуге жол ашып, оқу үрдісін неғұрлым креативті және қызықты етеді. Педагог, тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты М. Т

Студеникин «Мектепте тарихты оқытудағы заманауи технологиялар» атты кітапта техникалық құралдарды қолдану мектеп пен педагогиканы дамытудың - қазіргі заманауи ерекшеліктерінің бірі екенін атап айтады. [1]

Бірінші неден бастау керек десек, онлайн-карталармен жұмысты айтуға болады. Тарих сабақтарында тарихи және контурлық карталар көрнекі құрал ретінде кеңінен қолданылады. Онымен жұмысты қазіргі заманауи құралдармен анағұрлым қызықты әрі көңілді етуге болады. Мысалы, Google Карта. Тарих сабағында Google Картаны қолдану оқушы үшін өте пайдалы әрі қызықты болары сөзсіз. Міне, тарих сабағында онлайн-карталарды пайдаланудың бірнеше әдісі:

1. Географиялық, тарихи орынды зерттеу: Мұғалім Google картаны тарихи оқиғалардың, мысалы майдан, соғыс, көне қалалар мен мәдени ескерткіштерді көрсету үшін қолдануы мүмкін. Бұл оқиғаны көзге елестетуге, оны түсінікті әрі есте қалатындай етуге көмектеседі.

2. «Уақыт саяхаты»: Google Картаның көмегімен тарих тереңіне сапар шегіп, шекаралар мен ұлттық территориялардың өзгеруін көрсететін уақытқа виртуалды саяхат жасауға болады. Оқушылар елдер мен олардың территорияларының қашан, қалай өзгергенін, оның тарихи себептері мен салдардарын зерттей алады.

3. Тарихи маршруттарды зерттеу: Мұғалім әйгілі тарихи тұлғалардың саяхаты немесе тарих қойнауында қалған түрлі сауда жолын көрсету үшін оқушыларға google картадағы тарихи маршруттарды бөлісе алады. Мысалы, Қазақ хандығы және жоңғарлармен соғыс кезінде қазақ сарбаздарының орналасуы туралы.

4. Оқушылар үшін топтық және жеке оқушы үшін интерактивті тапсырмалар құрастыру.

5. Ұжымдық жұмыс: google картаны оқушылардың ұжымдық жұмысы үшін де қолдануға болады. Мысалы, оқушылар картада тарихи маршруттарды, оқиғалар мен орындарды құрастыра алады. Мысалы, Ұлы Отан соғысы кезінде шығысқазақстандық Кеңес одағының батырларының шайқасқан жері. Бұл картаны толықтыруға, маршруттарды құрастыра беруге болады. Сілтемелерді интерактивті тапсырманы орналастырған сайтқа көшіруге болады.

Тарих сабағында Google Картаны қолдану өте пайдалы, бұл

оқушылардың тарихи материалды кеңінен түсінуіне ықпал етеді.

Қазіргі таңда адамзат өмірінің барлық саласында QR-кодтар белсенді қолданылады. Бірақ оны білім беру саласына, оның ішінде тарих сабағына да кеңінен енгізуге болады. QR-код деген не? QR-код — бұл штрих-кодтың ерекше түрі, онда пикселдердің көмегімен ақпараттың біршама көлемі шифрланған. QR формасы цифрлық құрылғы арқылы сыртқы тасығыштардан (плакат, чек, визитка) мәліметтерді жеңіл алуға бейімделген. [2].

QR-кодтың көмегімен әр түрлі мәліметтерді, мысалы веб-парақшалардың сілтемелерін, контакт мәліметтерді, мәтіндік хабарламаларды және т. б. жіберуге болады. QR-кодты тарих сабағында қосымша материалдар мен ресурстарға қолжетімділікті жеңілдету үшін қолдануға болады.

Тарих пәнінде QR-кодты оқу процесінде қалай пайдалануға болатынына бірнеше мысал келтірейік:

1. Қосымша ақпаратқа сілтемелер.

2. Интерактивті тапсырмалар: Мұғалім сабаққа қатысты тапсырмалар мен викториналарға қатысты QR-код жасайды.

3. Виртуалды музей жәдігерлері: QR-код, егер өтіп жатқан оқиғаға немесе уақытқа жергілікті музейлердің немесе ондағы коллекциялардың қатысы бар болса, виртуалды музей экспозициясына кіру үшін қолданылады.

4. Зерттеу жобаларын әзірлеу: QR-кодты оқушы тарихты оқу және қосымша деректерді табуы үшін оқу құралдары және кітаптардағы материалдарға қол жеткізу үшін қолдануына болады.

5. Өнермен өзара байланысы: QR-код тарихи оқиғаға немесе тарихи тұлғаларға қатысты өнер туындыларының жанында орналасуы мүмкін.

Мұғалім қажетті ақпаратты сақтаған жеке кодты жасау үшін QR-кодтың онлайн-генераторын қолдана алады. QR-кодты басып, оқу ғимараттарына, стендтерге орналастыруға немесе қағазға басып оқушыларға таратуға, көрмелерге, ақпараттық ролаптарға орналастыруға болады.

Тарих сабағында оқушылардың оқу материалын жақсы меңгеруі үшін мақсатты түрде видео контент қолдану. Мұны «Өскемен қаласы әкімдігінің Оралхан Бөкей атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің» мысалында түсіндіргім келеді. Кітапхана мамандары оқырманды тарихи тақырыпқа қызықтыру үшін жұмысты алдымен тарихи-өлкетану бағытын дамытудан бастады. Оқырманға әйгілі шайқастар, қазақ тарихындағы тарихи тұлғалар, мифтер мен аңыздар, киелі орындар туралы әңгімелейтін «Қазақстанның ұлы шайқастары»,

«Тарихшы көзқарасы», «Подкастмифология», «Тарихи сторителлинг», «Шығыс Қазақстанның топонимикасы» секілді айдарларды ашты. Дайындық барысында олар әрқашан әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға тырысады. Тарихи оқиғаны қысқаша интерпретациялау, дереккөзі болып табылатын кітаптар мен фильмдерді және көрнекілік үшін 3D модельдеуді де ұсынады.

Кез келген пәнді зерттеу үшін нақтылық, детальдер, тақырыпқа тереңдеу ерекше рөл атқарады. Бұл оқушыға үлкен әсер береді. Бұл жағдайда Сенсорлы стол, Мультстудия секілді заманауи ақпараттық технологияның балаға сыйлайтын ықпалы зор.

Сенсорлы стол оқыту процесін қызықты әрі тартымды етуге көмектеседі. Технологияның өзімен жұмыс істеуі тіпті мектепке дейінгі балалардың өзіне түйсік деңгейінде түсінікті. Ол интерактивтілік пен студенттерді оқу процесіне еліктіруі мүмкін. Оны қалай қолдануға болатыны туралы, міне, бірнеше мысал:

1. Ойындар -викториналар
2. Тарихи карталарды зерттеу
3. Хронология құрастыру
4. Талдау дағдысын қалыптастыру

Мультстудияны мүмкіндігінше адамзаттың даму сатылары, ежелгі заман адамдары пайдаланған еңбек құралдары және т. б. секілді оқушылардың түсінуіне ауыр, күрделі тақырыптарды түсіндіру үшін қолдануға әбден болады. Оқушылар арнайы жобалар әзірлеп, оларды өздері дыбыстап, видео монтаж жасауына болады, сөйтіп оқу материалын жақсы меңгереді.

Тарих сабағында қолдануға болатын тағы бір қызықты инструмент, бұл - VR — технология. Виртуалды шындық технологиясы шынында да тарих сабағында өте пайдалы болуы мүмкін. Оны пайдалану студенттерге

«уақыт пен кеңістікке саяхат» жасап, тарихи оқиғалардың ортасында болуына мүмкіндік береді. Олар виртуалды музейлерге барып, тур жасауына, көрмелер мен реконструкцияларды, тарихи артефактарды тамашалауына болады. Бұл өткенді терең түсінуге және оқушылардың тарихи дәуірдің тынысын эмоционалды түрде сезінуіне мүрсат береді.

«Өскемен қаласындағы Оралхан Бөкей атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» базасында кітапхана мамандары VR –технологиясы бойынша «Ескі қала», ұлттық ойын бойынша «Асық» жобаларын жасады. Ал виртуалды шындық технологиясы тарих сабағында интерактивті қосымшалар мен ойындар ретінде қолданылуы мүмкін. Бұл студенттерге тарихи даталарды ойын формасында меңгеруіне, өзекті мәселелер бойынша шешім қабылдауына көмектеседі. Сонымен қатар тарих сабағында толықтырылған шындық немесе AR-технологиясын да мақсатты түрде қолдануға болады.

Қазіргі таңда «нейросеть» және «жасанды интеллект» үлкен танымалдылыққа ие болып отыр. Нейрон желілерін тарих сабағында қолдану оқушылардың дағдыларын жақсартып, тарихи оқиғаларды түсінуіне ықпал етіп, сонымен қатар оқу процесін анағұрлым интерактивті әрі тартымды етеді. Нейросеть мәтін жазып, оны дыбыстайды, бейнеге жан бітіреді. Нейросеть көне фотографияларды реставрация жасауда таптырмайтын құрал.

Мақала соңында айтарым, заманауи технологияны тарих сабағына енгізу оқу процесін айтарлықтай жақсартып, оқушылардың тарих пәнін оқуға деген қызығушылығын арттырады. Заманауи технология білімді тереңдетіп, әр нәрсеге терең ой көзімен қарауды дамытады және тарихты өздігінен оқып, үйренуге ынталандыратыны сөзсіз. Бұдан бөлек, оқушылар өздігінен талдап, өздерінің қорытындысын қалыптастыру үшін объективті әдіс және тарихи оқиғаларға әр түрлі көзқарас шеңберінен ұсыну қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Студеникин М. Т. Современные технологии преподавания истории в школе: пособие для учителей и студентов вузов - М. : Гманитар. Изд. Центр ВЛАДОС, 2007.

2. [Электронный ресурс]/ URL: <https://mchost.ru/articles/chto-takoe-qrkod/#:~:text=QR-код%20—%20это%20особый%20вид,отсканировав%20код%20через%20специальное%20приложение> (Дата обращения 25.12.2023)

3. Яковлев Б. С, П. С. (2013) . Классификация и перспективные направления использования технологии дополненной реальности. Известия Тульского государственного университета. Технические науки.

4. [Электронный ресурс] URL: <https://lahmeneffaa.gitbook.io/nto.game.vr/ar/modul-1.-tekhnologii-dopolnennoi-realnosti-v-infosfere/tekhnologii-dopolnennoi-realnosti> (Дата обращения: 25.12.2023)